

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия
отырысының №2 хаттамасы**

Күні: .27.12.2018

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі, мектеп директоры,
орынбасарлары, мед бике , шаруа ісінің меңгерушісі.

Қатыспағандар: жоқ

**Қамқоршылық кеңесінің I жартыжылдықта атқарылған жұмысы бойынша
№2 отырысының хаттамасы**

Қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыратын комиссия құрамы

5. Т.Н.Нуриденов –Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, /комиссия төрағасы/
6. А.Қ.Пазылов /комиссия төрағасының орынбасары/
7. О.Б.Әбен құқық бұзушылықтың алдын-алуын қадағалау учаскелік
инспекторы/комиссия мүшесі/
8. А.С.Көпеев «Асылтас»Жеке шаруа қожалығы/комиссия мүшесі/
9. А.Е.Конурбаева ата-аналар комитетінің төрайымы/комиссия мүшесі/
10. К.М.Токенов /комиссия мүшесі/
11. М.Б.Мусаипов «Айдос» жеке шаруа қожалығы
12. Т.Сембаев Жеке шаруа қожалығы /комиссия мүшесі/
13. Іс қағаз жүргізуші Смагулова Қ.Т. Әкімшілікте бас маман /хатшы/

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың есебі.
2. Жаңа 2019 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру

Тыңдалды: Мектеп директоры Кенжалин С.М. сөз алды.

Биылғы оқу жылының басында мектебімізде көптеген іс-шаралар атқарылып келеді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Н.Нуриденов сөз алды. Біздің қамқоршылық кеңесі 2018-2019 оқу жылының басынан бастап былтырғы оқу жылында құрылған құрам жұмыстарын атқаруда. Қамқоршылық кеңесінде 9 адам жұмыс істеуде. Жұмысымыз М.Ж.Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің әкімшілігімен бірлесе отырып бірнеше жұмыстар атқарылды. Жалпы оқу айлығы бойынша . Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы «Мектепке жол» акциясына қатысып 0-18 жас аралығына дейінгі мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алудағы ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы №33 бұйрығын іске асыру мақсатында 2018-2019 оқу жылындағы № 55/4-Н бұйрығын орындау мақсатында атқарылған іс-шаралар бойынша жұмыстар жүргізілуде.»Мектепке жол» акциясына қатысып бірнеше шаруа қожалықтарын тартып көмек беруге атсалысып жатыр. I жарты жылдықта әлеуметтік қорғалмаған отбасылар саны-10 отбасы. Мектепте оқитындары 18 оқушы . Барлығы жаппай оқу қорынан тегін тамақтанады. Отбасы балаларына көмекке жүргізілген жұмыстары бойынша қортындысының баяндамасы хаттамаға тіркелді. Екінші тоқсанның

басында бір отбасы көшіп келді көпбалы отбасы. Екі баласы мектеп жасында , біреуі 2-сыныпқа келді, екіншісі 7-сыныпта оқиды. Балалары жақсы оқиды.

Директордың тәрбие ісінің орынбасары Г.Н.Нуриденова сөз алды. Жаппай біліммен қамту жұмыстары бойынша жылына екі рет ұйымдастырылады. Мектепте қамқоршылық кеңесі өздерінің жұмыс жоспарын бекіткеннен соң бізбен бірге кез-келген жұмысты бірге атқарып келеді. Оқушылардың сабаққа қамтылуын қадағалап, әлеуметтік статусы бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылуын, «Мектепке жол» акциясының барысын қадағалап атсалысып келеді. Жеке шаруа қожалықтары осы акцияға қатысып аз қамтамасыз, көп балалы отбастарына, әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына көмек көрсетті. Баянауыл жұмыспен қамту орталығы 80 000 тенге көлемінде 4 оқушыға киім алып беруге көмектесті, атап айтсақ Кәкім Жасұлан 8-сынып оқушысы , Тураналиев Сержан 6-сынып оқушысы, Тураналина Лаура 8-сынып оқушысы, Ильяшев Асылжан 5-сынып оқушысына спорттық киімдер, мектеп формасын көктемде киетін куртка, аяқ киімдерімен әперді. Ауылымыздағы М.Ж.Көпейұлы атындағы кесененің директоры Пазылов Қ.П. 7-сынып оқушысы Ахмадиев Мейрамбекке қысқы куртка, етік әперді «Баязит» ЖК жетекшісі Баязитова Назгүл Ақзамовна 2-сынып оқушысы Туранали Балаусаға, 1-сынып оқушысы Тураналина Айзадаға қысқы етіктерін әперді. Ауылымыздың имамы Сұлтан бауырымыз үш оқушыға мектеп сумкасын, сабаққа қажетті оқу-құралдарымен әр балаға 5000 мыңға әперді. Мектебіміздің бюджетінен екі оқушыға қысқы куртка мен аяқ киімдер әперілді. Кәкім Жасұланға спорттық киім мен красовки, 5-сынып оқушысы Туранали Сержанға мектеп киімі, аяқ киім, сумка әперілді. «Алихан» ЖШҚ атынан ауыл әкімі «Еркетай шағын орталығының бір баласына Ильяшев Дауреннің ай сайын 6000 нан шағын орталықтың ақшасын төлеп отырды. ЖШҚ – нан 35000 тенгеге «Вауапaul Agro» ШҚ басшысы Байханова Асима төрт оқушыға көмек қолын созды. Қысқы куртка мен етіктер әперді. Жалпы суммасы 208.000 тенгеге көмек көрсетілді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы А.Е.Кожанова сөз алды. Мектепте 85 оқушы, 43 оқушы жаппай оқу қорынан тегін тамақтанады. 3 оқушымыз поставшигіміз өзі тегін тамақтандырады, 9 оқушымыз ата-аналар тарапынан тамақтанады. Жалпы мектепте бастауыш сыныптар түгел 100% тамақтанады. 55 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған , қалғандары буфеттен ыстық шай мен самсамен тамақтанады. Ауылдық учаскелік инспекторымыз Абенов Оразалы Болатұлы да бірнеше рет келіп оқушылармен кездесу өткізіп құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Сабақты өткен оқу жылында себепсіз сабақ босатып жүрген оқушымыз Тәңірберген Ғалымжанмен жеке сөйлесіп, жұмыстар жүргізді. Биылғы оқу жылында Тәңірберген Ғалымжан себепсіз сабақ босатуын қойып , сабақтан қалмай келіп жүр. Жүргізілген жұмыс барысында мектептің толық жұмыс бағыт-бағдары талқыланды. Атқарылатын жұмыс хаттамаға тіркелді.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша директордың шаруашылық меңгерушісі К.Ж.Мергенбаева сөз алды. Мектептің материалдық базасы бойынша қаншалықты қамтылып отыр. Қай сыныптар мен бөлмелерге жұмыстар атқару керек екендігін баяндады.


Мектеп оқушыларының кітап қорымен мектеп кітапханашысы М.Қ.Икешова сөз алды. Мектептің оқушылар саны жеткілікті. Бастауыш сынып буындарында оқулықтар толықтай жеткілікті. Жаңадан жаңа бағдарлама бойынша 1,2,5,7 сыныптарға оқулықтар әкелінді. Қазіргі уақытта көркем оқулар мен әдістемелік құралдар әкелінуде.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша мектептің медбикесі А.М.Сеитова сөз алды. Жаңаоқу жылының басында мектептің дайындығы жақсы, қазір де таза. Арасында хлоркамен жуып дезинфекция жасап отырады. Сынып бөлмелері мен мектептің дәліздері сырланды. Мектеп оқушылары мамыр айында медициналық тексерістен толық өтті. Мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлері тамыз айының соңына дейін толық медициналық тексерілістен өтті. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы жақсы.

Қаулы қабылданды:

4. Балалар мен жасөспірімдерді оқумен қамту жөніндегі ұйымдастырылған комиссия құрамы бойынша қамқоршылық кеңесінің бірінші жарты жылдықтағы атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
5. Жаңа 2019 жылдың жұмыс жоспары бекітіліп мектеп директорының бақылауына алынсын.
6. Жоғарыда айтылған комиссия міндеттері мен атқарылатын жұмыстары есепке алынсын. Жүргізілетін жұмыстар дұрыс ұйымдастырылсын.

Мектеп директоры:



С.М.Кенжалин

Хатшы:



Смагулова Қ.Т.